



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

5. Понятность знаний и информации, полученных с помощью технологического инструмента;
6. Общая компьютерная грамотность;
7. Скорость образования и обучения [4, с. 21].

В заключение следует отметить, что за время использования интерактивной доски интерес учащихся к уроку резко возрос. Учителя также могут получить в изобилии необходимые им методические и дидактические пособия. В целях обеспечения качественного образования подрастающего поколения в соответствии с современными требованиями использование интерактивной доски на уроках можно рассматривать как вид новой технологии обучения. Кроме того, при использовании электронных материалов на занятиях учащиеся расширяют ранее полученные знания и самостоятельно выполняют практические задания. Каждый студент знакомится с необходимыми материалами по выбранной теме и привыкает к работе с таблицами и рисунками. С помощью электронного учебника можно показывать различные картинки, видеосюжеты, звуки природных явлений и слушать музыку. Это, конечно, гораздо эффективнее и понятнее, чем учитель пишет на доске и объясняет.

Польза информационных технологий велика для создания педагогической и психологической среды, открывающей путь к всестороннему воспитанию будущего поколения, предприимчивому и талантливому, творческому и свободному развитию.

Список литературы:

1. Альмухамбетов Б.А, Галымжанова М.А. Использование информационно–коммуникационных технологий в повышении квалификации работников системы образования// Тенденции развития системы повышения квалификации педагогических кадров в Казахстане. Алматы: Ғылым, 2010. 290 с.
2. Галымжанова М.А. Информативность и коммуникабельность в учебном процессе необходимость использования технологий// Высшая школа Казахстана. 2006. №3. 17–23 с.
3. Галымжанова М.А. Направления формирования информационно–коммуникативной компетентности педагогов. 48 с.
4. Сарымбетова Р. Роль информационно–коммуникационных технологий в повышении уровня образования// Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая. 2014. 4(48). 19–23 с.
5. Инновационные технологии в образовании: Материалы IV Международной научно–практической видеоконференции (г.Тюмень, 30 ноября 2016 г.) / Под ред. С.М.Моор. Тюмень: ТИУ, 2017. 216 с.

УДК 385

БІЛІМ БЕРУ ВЕБ–САЙТТАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУ

*Дуйсекова Асель Аманжолқызы
магистр, аға оқытушы*

Ы.Алтынсарин атындағы АрқПИ

E–mail: asel_duisekova@mail.ru

Мамбетов Руслан Еликбаевич

тарих және қоғамдық пәндер оқытушысы

Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі

E–mail: rus_85tgk@mail.ru

Ақылбеков Луиза Бекетқызы

арнайы пәндердің оқытушысы

Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі

E–mail: luiz.8989@mail.ru

Арқалық қаласы, Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін дамытуда білім беру веб–сайттарын қолданудың ғылыми–әдістемелік мүмкіндіктері қарастырылған. Білім беру веб–сайттарының көмегімен танымдық белсенділікті дамыту – күрделі ұйымдастыруды қажет ететін динамикалық процес. Танымдық белсенділікті дамыту бастауыш мектеп пәндеріне қатысты алғанда, бұл пәндер біртұтас педагогикалық жүйеде әлемнің ғылыми бейнесінің басты мазмұнының іргесін бірігіп қалыптастыруға, ғылыми–техникалық прогрестің гуманистік маңызын ашуға, алынған білімдердің құндылығын көрсетуге, оқушының қоршаған әлемді тануға қызығуын туғызуға бағытталғандықтан өзекті проблемалардың бірі болып табылады.

***Түйінді сөздер:** веб–сайт, танымдық белсенділік, білім беру.*

Аннотация

В этой статье рассмотрены научно–методические возможности, использование образовательных веб–сайтов для развития познавательной деятельности учеников начальных классов. Развитие

познавательных деятельностью с помощью образовательных веб-сайтов это динамический процесс, требующий сложной организованности. Развитие познавательной деятельности одной из наиболее актуальных проблем для младших школьников, так как эти предметы направлены на совместное формирование в единой педагогической системе, основы основного содержания научной картины мира, раскрытие гуманистической значимости научной деятельности, и технического прогресса, показывая ценность полученных знаний, и вызывая у школьника интерес к познанию окружающего мира.

Ключевые слова: веб-сайт, познавательная деятельность, образование.

Abstract

The article discusses scientific and methodological opportunities, the use of educational websites for the development of cognitive activities of primary school students. The development of cognitive activities through educational websites is a dynamic process that requires complex organization. The development of cognitive activity is one of the most pressing problems for younger schoolchildren, as these subjects are aimed at joint formation in a single pedagogical system, the basic content of the scientific picture of the world, the disclosure of the humanistic significance of scientific activity, and technological progress, showing the value of the knowledge gained, and arousing the students interest in knowing the world around him.

Key words: website, cognitive activity education.

Еліміздің өркениетті мемлекеттердің қатарына қосылу қарсаңында заман талабына қарай тұлғаны ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайындауда және шығармашылық, танымдық іс-әрекетін үйлесімді дамытуда, танымдық қажеттілігін, белсенділігін, қызығушылығын қалыптастыруда сандық технологиялардың орны ерекше. Сондықтан өскелең ұрпақтың білуге құштарлығын ақпараттық ағым арқылы ақпаратты тануға бағыттау қажет. Қазіргі таңда білім берудің бірыңғай және негізгі мақсаты жеке тұлғаны ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайындау және шығармашылық, танымдық әрекетін толыққанды, үйлесімді дамыту, танымдық белсенділігін, қызығушылығын қалыптастыру болып табылады. Сондықтан, өзінгі білім беру процесі бастауыш мектептен бастап білім беру веб-сайттары арқылы оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекеттегі танымдық белсенділігін дамыту әдістемесін жетілдіру көзделіп отыр.

Мемлекетіміздің саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістеріне сай білім беруді жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі – білім беруді ақпараттандыру және ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын жаңа жағдайда қолдану арқылы жеке тұлғаның танымын, зияткерлік әлеуетін дамыту негізінде әлемдік білім деңгейіне қол жеткізу. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде ... қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін қашықтықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану» – деп, ақпараттық-коммуникациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамыту және оның мүмкіндіктерін әлемдік ақпараттық ортаға ену мақсатында қолдану ұсынылып отыр [1].

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында «бастауыш білім берудің мақсаты – білім алушылардың оқу іс-әрекетін меңгеруі және олардың жеке қасиеттерін ашу үшін жағдай жасау», – деп көрсетілген [2]. Осындай күрделі мақсат пен міндеттер бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін дамытуда білім беру веб-сайттарын қолдану әдістемесін дайындау қажеттілігін айқындайды.

Оқу іс-әрекетіне қатысты білім беру веб-сайттарымен оқытуда қарым-қатынасты ескеру ерекше өзекті мәселе екендігін атап көрсетіп, ғылыми-зерттеулердің автоматтандырылған жүйесіндегі оқытуда – білім беру веб-сайттары – оқыту объектісі болса, ал ақпараттық-коммуникациялық технология құралы – оқыту құралы болғанда, автоматтандырылған оқыту жүйесіндегі жұмыс қалай жүретіндігі ойланатын мәселе екендігі анық.

Осы орайда оқушының білуге құштарлығын дамытудағы негізгі мәселе оқушының немесе мұғалімнің аталған құралдармен өзара қатынасы туралы ғана емес, әрі философиялық, әрі дербес әдіснамалық, ғылыми негіздеу деңгейінде қарастырылатын мәселе екендігі анық.

Сондықтан да қазіргі кезде сандық технологиялардың барлық мүмкіндіктерін пайдаланып, веб-сайттарымен жұмыс жасау үшін жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында еліміздегі барлық бастауыш мектептерінің 1–2 сыныптарда «Цифрлық сауаттылық», 3–4 сыныптарда «Ақпараттық коммуникациялық-технологиялар» пәндері енгізілді.

Оқыту – бұл сұхбатпен өтетін процес болғандықтан, «оқушы-ақпараттық-коммуникациялық технология құралы» жүйесіндегі сұхбатты құрудың психологиялық проблемасы жан-жақты болып келеді. Оған:

- оқушы – ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары сұхбатын құрудың жалпы психологиялық қағидалары;
- қарым-қатынас процесін ұйымдастыру;
- тілдік аспектілер (қарым-қатынас тілін таңдау, хабарлама мәтінін құру, оның формасы, өлшемі және т.б.);
- қарым-қатынастың үлгісі (ақпараттың берілу типі және оқушылардың жауабы);

– қарым–қатынастың мазмұндық аспектілері жатады.

Адаммен сұхбаттасу кезінде білім беру веб–сайттары (дәлірек айтсақ, оның аппараттық–бағдарламалық қамтамасыз етілуі) адамның ойын дамытуға, оған күтпеген жаңалықтарды тез жеткізуге қабілетті. Бұл оның басқа техникалық құралдардан ерекшелігін көрсетеді. Техникалық құралдар абстрактылы ойлаудың «күшейткіші» ретінде және оның нәтижесін практикада тиімді қолдануға жағдай жасайды. Сонымен қатар ақпаратты қолданушыға әрекетті қайта құруға мүмкіндік береді. Дәлірек айтқанда, компьютерлендіру мен автоматтандыру ақпаратты қайта өңдеу мен сақтаудың жаңа тәсілін меңгеруді қажет етіп қана қоймайды, сонымен қатар ойлау әрекетін өзгертеді. Қазіргі таңдағы жетілдірілген интеллектуалдық оқыту жүйесі оқушылармен интерактивті сұхбат жүргізу арқылы, олардың дербес ерекшеліктерін, ойлауы және есін, қабылдауы және түсінуі сияқты ерекшеліктері қамтылған динамикалық моделін құруға көмектеседі.

Бұдан, телекоммуникациялық компьютерлік желілерді қолдану арқылы (қашықтықтан білім алу: BILIMLAND, ZOMM, WhatsApp, және т.б.) адамдармен қатынасқа ақпараттық кеңістіктегі іс–әрекетке қызығуыақпаратты айырбастаудағы тұлғаның қажеттілігі, қарым–қатынас деңгейін кеңейту–дегі ұмтылысы ретінде қалыптасады. Аталған құралдарды өз деңгейін көрсетуге, өз жұмысының нәтижелерін басқаларға қолдануға ұсынуға мүмкіндік береді. Әлемнің ақпараттық кеңістігінде телекоммуникациялық желіні қолдану арқылы жұмыс істеу ақпараттың жаңа көзін алуға мүмкіндік береді, шығармашылық әрекетке арналған жаңа мүмкіндіктерді ашады. Танымдық белсенділіктің бұл түрі үшін адамдардың өзара әрекетінің тәсілдерін іздеу бағыты, шығармашылық ынтымақтастық тән.

Сонымен, оқушының ақпараттық–коммуникациялық технология құралдарын қолдана отырып өз шығармашылығына деген қызығуыіс–әрекет барысында көрінеді. Танымдық белсенділіктің бұл көрінісі тұлғаның сапасын қалыптастыру болып табылатындықтан, оқушының жеке ахуалын және ұмтылуларын бейнелейтіндіктен ерекше маңызды деп есептейміз. білім беру білім беру веб–сайттарымен жұмыс істеу барысындағы жеке немесе ұжымдық шығармашылық – мақсатқа бағытталған белсенді оқу әрекетінің ерекше түрі. Танымдық белсенділік ізденуші сипатта қалыптасады, білім дайын түрінде меңгерілмейді, ізденіледі, талданады. Оқушы өзі ақпаратты іздейді, оны бағалайды, түрлендіру әдісін таңдайды. Дербестіктің жоғарғы дәрежесі жаңа жағдайларға бағдарлануға қабілетті болуды, интеллектуалды және мінез–құлықтық рефлексияны дамытудың жоғарғы деңгейін, өзін–өзі бағалаудың адекваттығын, өзіндік бақылаудың нәтижелілігін көздейді.

Білім беру веб–сайттарының негізін меңгеру оқушының жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал етеді және оған неғұрлым жоғары әлеуметтік мәртебе береді. Бастауыш сынып оқушылары білім беру веб–сайттарының тапсырмаларын орындау барысында өздерінің жетістіктерін, қателіктерін қызу талқылайды. Осылайша, олардың сөздік қоры байиды, жаңа технологияны жеңіл және құштарлықпен меңгереді. Бұл сөйлеу мәнерінің дамуына, әрекеттің саналы түрде орындалуына ықпал етеді. Бірақ ең бастысы баланың өзін бағалауының артатындығында. Сыныптастарының арасында, өзінің мәртебесін көтерудің, өзін танытудың тиімді тәсілі болатын білім беру веб–сайттарымен жұмыстың барлық қырлары туралы артықшылықпен әңгімелейді.

Білім беру веб–сайттары меңгерудегі жетістіктер оқушыларға өз деңгейін көтеруге және көшбасшы болуға мүмкіндік береді. Мұның барлығы эмоциялық жайлылықты, әуестікті туғызып, танымдық белсенділігінің дамуына ықпал етеді.

Оқу тапсырмаларын орындауда мұндай веб–сайттарды қолдану оны шешу процесін өзгертеді. Аталған сайттарды оқыту процесіне қолдану оқушыларға өз әрекетінің пайдалылығын көруге, өз еңбегін түсінуге, компьютерді адамның кез келген әрекетіндегі құралы бола алатындығын сезінуге мүмкіндік береді.

Бастауыш мектеп оқушысының психологиясындағы өзгерістер осы жас кезеңіндегі баланың даму мүмкіндіктерінің жоғарылығын, белсенді субъекті ретінде дамуы, қоршаған ортаны және өзін–өзі тануы жүзеге асатындығын көрсетеді. Білім беру веб–сайттарымен кез келген жұмыс балаларға интеллектуалдық тапсырмаларды түсінуді қамтамасыз ететін, ойлау қабілеттерін қалыптастыруға және балалардың танымдық іс–әрекетін дамытудың қажетті шарты болып табылатын баланың қабылдауына жағдай жасайды. Мұнда баланың іс–әрекеті, негізгі мақсатты көздейтін түсініктерді қалыптастыруға бағытталған ерекше мағынаға ие болып табылады. Егер бала тапсырманың нәтижесін табу жолында қандай нәтиже алатындығын түсінбесе, онда ойлау процесі мүлдем жүрмей немесе басқа бағытқа бағдарлануы мүмкін. Аталған құралдарды қолдану оқушыға тапсырманың шартын талдауға, оны орындау жолында алынатын соңғы нәтижені айқын түсінуге мүмкіндік береді. Табысты және сәтсіз орындалған іс–әрекеттердің нәтижесін бағалау тапсырманың аяқталуына байланысты айтылады [3].

Білім беру веб–сайттарын қолдану арқылы оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыру қажеттілігі ағылшын ғалымдары Р.Вильямс пен К.Маклиннің еңбектерінде қарастырылған. Олар аталған құралдарды қолдану арқылы оқу жағдайын ұйымдастыруға арналған оқу материалдарын ұсынып, оқу материалдарының мазмұны зерттеушілік іс–әрекетке, материалды өздігімен жеке түсінуге және кері байланыс жүргізуге бағытталуы тиістігін айта келе, оларды келесідей топтарға бөліп көрсеткен:

– есептеуге арналған тапсырма, нәтижеге қатысы бар барлық шарттар ескеріледі және жауабы берілгендермен байланысты болып келеді;

– ізденуші сипаттағы тапсырма («табу», «бар ма, жоқ па анықтау керек» және т.б.);

– дәл емес ақпаратты өңдеуге арналған тапсырма, айқын және айқын емес алгоритммен анықталады.

– шығармашылық сипаттағы тапсырма, нақты анықталған өлшемдеріне сәйкес ақпаратты талдауға арналады; негізгі ақпаратты талдаудың, алдын ала сипатталған жоспарының жоқтығымен анықталады (мысалы, дәлелдеуге, жобалауға, модельдеуге арналған тапсырмалар).

Мұндай тапсырмаларды орындау ақпаратқа қажеттілікті, әрекеттің жаңа тәсілдерін меңгеруге арналған дербес іс-әрекетті, оқушының ақпараттық қорын толассыз байытуға және жаңартуға, шығармашыл тұлға болып қалыптасуына бағытталады. Оқушы іс-әрекеті барысында өзінің шығармашылық шамасын жүзеге асыруы жаңа танымдық қажеттіліктерді қажет етеді, таныс емес және белгісіз нәрселер туралы ақпаратты өңдеу негізінде жаңаны тануға, оның мағынасын ашуға ұмтылыс, қоршаған ортаның нысандарын терең меңгеруге қажеттілік туындайды. Бұдан оқытудың сапасын арттыру мен оның мазмұнын тез меңгеру үшін оқушының сырттан ақпаратты алу іскерлігін қалыптастырудан бастап және оны жүйелей білуге үйрету қажет. Алдыңғы кезекте, сонан кейін де, оқушыға білім берумен қатар ақпаратты алу тәсілімен, оны сауатты түрде өңдей білуге төселдіру керек.

Бұдан оқушылардың танымдық қызығушылығы пәндік тапсырманың мазмұнын талдау іскерлігімен, алгоритм арқылы орындалатын шағын тапсырмаларды ерекшелеумен, оларды шешуге тиімді құралдарды таңдап алумен, берілгендерді анықтаумен, нәтижені алудан және оны түсіндіріп берумен де анықталады. Білім беру веб-сайттарымен жұмыс істеу барысында оқушылардың оқуға деген қызығушының артуы онымен жұмыс істеу жаңалығынан ғана емес, сонымен қатар оқу тапсырмаларын қиындық деңгейі бойынша реттеу мүмкіндігінен байқалады. Бұдан басқа, ол оқуға деген кері қатынастың маңызды бір себебін – түсінбеушіліктен пайда болатын білімдегі айтарлықтай олқылықтарды – үлгермеушілікті жоюға мүмкіндік береді. Білім беру веб-сайттары оқушыларға көмектің белгілі бір түрін ұсына отырып, оқу материалымен қамтамасыз ете отырып, оқушының оқу әрекетін басқару тәсілін айтарлықтай өзгертуге жағдай жасайды.

Білім беру веб-сайттарының барлық мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін оны оқу әрекетінің тұтастай құрылымының элементі динамикалық үлгісі ретінде оқытуды ұйымдастыру және нәтижені бақылау құралдары ретінде қарастыру қажет. Енді, аталған құралдарды қолдану арқылы оқу процесінде оны қолданудың педагогикалық мүмкіндіктері ретінде келесі қызметтерді алуға болады:

а) тәрбиелік қызметі, оқушыларды орындалатын жұмысқа жауапкершілікпен қарауға мәжбүр етеді;

ә) дербестендіру қызметі, сыныптағы әрбір оқушымен жеке, дара жұмыс істеуді қамтамасыз етеді;

б) ынталандыру қызметі, оқудағы табыстары жөнінде ақпараттың жиі берілуі негізінде оқушыларда оқуға деген жағымды мотивация қалыптасады, терең білім алуға ұмтылуға қажеттілік пайда болады;

в) бейімдеуші қызметі, білім беру веб-сайттары оқушылардың аралық әрекетін бағалай отырып, оқылатын материалдың ерекшеліктеріне лайықтап көмектесіп, оқушыға өзінің әрекетінің келесі қадамын таңдауға мүмкіндік береді;

г) білімді қалыптастырудағы басқару қызметі, баланың әрекетін керекті арнаға бағыттауға және оқу әрекетінің циклін тұйықтауға мүмкіндік береді;

д) бағдарлаушы қызметі, оқушының әрекетін бағалауда қарастырылып отырған мәселенің маңызы неде екендігіне, кез келген сұраққа жауап беруде өзінің ойларын қалай қорыту керектігіне, дұрыс шешім жасауға жол сілтеуге жағдай жасайды. Бұлардың барлығы қарастырылып отырған идеяны ерекшелеуге, оның мазмұнын түсінуге және есте сақтауға көмектеседі;

е) белсендіруші қызметі: бірден кері байланыс жасауға мүмкіндік беруі оқушыларды ынталандырады және қызықтырады, бұдан оқушы өзінің келесі әрекетінің жоспарын шын көңілімен ойлап табуға талаптанады, талпынады;

ж) қорытындылау қызметі, оқушы әрбір есепті, сұрақты кезеңмен шешетіндігінен тұрады;

з) ізгілендіру қызметі, мұғалім мен оқушы арасындағы түсінбеушіліктен туатын психологиялық тосқауылды болдырмауға мүмкіндік береді, сондай-ақ жұмыс барысында оқушылар не істеу керектігін біледі, мұғалім оқу материалы қалай меңгерілгендігін қадағалап отырады.

к) дәлдік қызметі, анық ақпаратты жеткілікті көлемде меңгерудегі оқушылардың білімі мен іскерліктеріне дәл баға қоюға жағдай жасайды.

Сонымен, білім беру веб-сайттары арқылы оқыту – өзінің тәсілдері мен мақсаттары бар, белгілі бір теориялық базаны, ерекше әдістерді қамтитын біртұтас процес болып табылады. Сондықтан, олар арқылы орындалатын оқу әрекеттері қарым-қатынастың жоғарғы деңгейіне көшеді, бұл құралдар дәстүрлі оқыту кезінде оқушыға қалыптастыруға келмейтін арнайы іскерліктерді қалыптастырады. Себебі аталған құралдар оқу процесінде бірнеше қызметтерді орындайды: қарым-

қатынас, проблемалық жағдайлар құруға, серіктес, құрал, ақпарат көзі қызметін атқарады, оқушының әрекетін бақылайды, оған жаңа танымдық мүмкіндіктер береді. Бірақ бұл құралдардың оқушылардың танымдық белсенділігін дамытудағы мүмкіндігі проблемалық оқыту мен тәрбиелеудің жалпы жүйесіндегі орны мен жеке пәндерді оқытудағы оның қолданылу мәселесін анықтаумен шектелмейді. Сондықтан, әртүрлі зерттеушілердің жұмыстарын салыстыру негізінде білім беру веб-сайттары арқылы оқытудың көмегімен танымдық белсенділікті дамыту проблемасын шешуге байланысты бірқатар көзқарастарымызды келтірдік.

Білім беру веб-сайттарының көмегімен танымдық белсенділікті дамыту – күрделі ұйымдастыруды қажет ететін динамикалық процес.

Танымдық белсенділікті дамыту бастауыш мектеп пәндеріне қатысты алғанда, бұл пәндер біртұтас педагогикалық жүйеде әлемнің ғылыми бейнесінің басты мазмұнының іргесін бірігіп қалыптастыруға, ғылыми–техникалық прогресстің гуманистік маңызын ашуға, алынған білімдердің құндылығын көрсетуге, оқушының қоршаған әлемді тануға қызығуын туғызуға бағытталғандықтан өзекті проблемалардың бірі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. Алматы: Юрист, 2008. 240 б.
- 2 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы// <http://edu.gov.kz>
- 3 Эльконин Д.Б. Психология обучения младших школьников. М:Педагогика, 1974. 64 с.

УДК 373.51

ГЕЙМИФИКАЦИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА НА УРОКЕ ИСТОРИИ

Дукеев Ержан Бауржанович
учитель истории

КГУ «Общеобразовательная школа №19» город Костанай
E-mail: e.dukeev@mail.ru

Султанов Дамир Мнайдарович
учитель истории

КГУ «Первомайская общеобразовательная школа»
Мендыкаринский район, с. Первомайское

E-mail: damir.s1993@mail.ru
Казахстан

Аннотация

Авторы данной статьи делятся опытом использования технологии геймификации на уроках истории в общеобразовательной школе. По мнению авторов геймификация является эффективным инструментом в современном образовательном процессе, который отвечает всем требованиям критериальной системы оценивания. В процессе использования геймификации на уроках истории формируется историческое мышление и сознание.

Ключевые слова: *геймификация, опыт, критериальное оценивание, грамотность чтения, история, образовательный процесс, мотивация.*

Аңдатпа

Осы мақаланың авторлары жалпы білім беретін мектепте тарих сабақтарында геймификация технологиясын қолдану тәжірибесімен бөліседі. Авторлардың пікірінше, геймификация қазіргі заманғы білім беру процесінде критериалды бағалау жүйесінің барлық талаптарына жауап беретін тиімді құрал болып табылады. Тарих сабақтарында геймификацияны қолдану барысында тарихи ойлау мен сана қалыптасады.

Түйінді сөздер: *геймификация, тәжірибе, критериалды бағалау, оқу сауаттылығы, тарих, білім беру процесі, мотивация.*

Abstract

The authors of this article share their experience of using gamification technology in history lessons at a secondary school. According to the authors, gamification is an effective tool in the modern educational process that satisfy all the requirements of the criteria assessment system. In the process of using gamification in history lessons, historical thinking and consciousness are formed.

Key words: *gamification, experience, criterion assessment, reading literacy, history, educational process, motivation.*